

Султонов У.А.  
**Діни орталық және оның вақф қожалығы**

Мақалада Ахмед Йасауи мазарының вақфтық шаруашылығына қатысты тарихи құжаттар туралы алғашқы мәлімет беріледі. А.Л. Кун мұрағатындағы Ахмед Йасауи мазарының құжаттар топтамасы [Кун топтамасы] әлі күнге дейін ғылыми айналымға енгізілмеген, ал оның құрамы тіпті мамандарға да беймәлім. Осы құжаттардың бастапқы сараптамасы жасалынып, қорытындылар шығарылады.

**Түйін сөздер:** діни орталық, вақф, қайырмалдық, киелі жанұя, мұрагерлік, құжаттар, рухани өмір.

---

Sultonov U.A.  
**Religious Center and Its Waqf Endowment**

The article provides new materials on historical documents related to the waqf endowment of Khwaja Ahmad Yasawi mausoleum. Collection of documents from the archive of Alexander L. Kuhn remains unknown even for researchers because of its inaccessibility. Here are the first results of its study in comparative terms with other known sources.

**Key words:** religious center, waqf, sacred family, legacy, documents, spiritual life.

---

Султонов У.А.  
**Религиозный центр и его вакфное хозяйство**

В статье даются новые материалы по историческим документам, имеющим отношение к вакфному хозяйству мавзолея Ходжа Ахмеда Яссави. Коллекция документов из архива А.Л. Куна остается неизвестной даже исследователям из-за своей недоступности. Здесь даются первые результаты ее изучения в сравнительно-сопоставительном плане с другими известными источниками.

**Ключевые слова:** религиозный центр, пожертвование, святые семейства, наследство, документы, духовная жизнь.

## ДІНИ ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ВАҚФ ҚОЖАЛЫҒЫ

Атақты шығыстанушы және өлкетанушы Александр Людвигович Кун 1840 ж. мұғалімнің отбасында дүниеге келген. Бастауыш білімді Ставрополь губерниясындағы гимназиясында алған, сосын Петербург университетінің шығыс тілдері факультетіне түсіп, оны 1865 ж. «араб-парсы-түрік топтары бойынша» кандидат дәрежесімен бітірді. Өз мансап жолын А.Л. Кун 1866 ж. Оренбург генерал-губернаторлығы кеңсесінің үстелбастығы болып бастады. 1868 ж. 24 қарашада Түркістан генерал-губернаторлығына шенеунік қызметіне ауысты, ол генерал-губернатордың қарамағында болды. 1874 ж. 1 мамырда Түркістан генерал-губернаторлығы қарауындағы оқу ісі жөніндегі жеке тапсырмалар бойынша аға шенеунік болып тағайындалды. Ташкентте Түркістан өлкесінің оқу ұйымдарының Басқармасы құрылған кезде, А.Л. Кун оның бірінші инспекторы болды. Ол бұл қызметте 1876 ж. 1 қаңтарынан 1882 ж. 20 қыркүйегіне дейін болды [1, б. 107].

1882 ж. А.Л. Кун Түркістандағы қызметінен кетті: генерал-губернатор К.П. фон Кауфманның (1867–1882) созылмалы ауруы кезінде генерал-губернаторлықтың әкімшілігінде үлкен өзгерістер орын алды. Ресей империясының Ағартушылық министрлігінің ұсынысы бойынша Кунды Вильноға (Вильнюс) ауыстырды, онда ол Вильно оқу өлкесінің басшысының көмекшісі болды. Бұл қызметті ол өзінің 1888 ж. 24 қазанда, 48 жаста қайтыс болуына дейін атқарды.

А.Л. Кун Түркістанның тарихы мен мәдениетін зерттеуге үлкен үлес қосты, зерттеушілер үшін көлемді мәліметтер қалдырды. Түркістандағы 15 жылдық қызметі барысында ол Орта Азияның түрлі аймақтарындағы көптеген ғылыми экспедициялар мен әскери жорықтарға қатысты. Соның ішінде Ескендір көлдегі ғылыми экспедиция (1870 ж.) және Шахрисабзға (1870 ж.), Хиваға (1873 ж.) және Қоқанға (1876 ж.) жасалған жорықтар бар.

1870-1872 жж. А.Л. Кун Түркістанның этнографиялық, археологиялық, тарихи және кәсіптік-техникалық көрінісіне арналған «Түркістан альбомын» жасаушылардың бірі болды. Одан басқа, ол ғылыми-зерттеу жұмысымен, сондай-ақ түрлі мәдениет пен өнер ескерткіштерін, қолжазбалар мен құжаттар жинақтаумен айналысты [2]. 1874 ж. А.Л. Кун Лондондағы Ха-

лықаралық ориенталисттер съездіне өкіл болып барды және Париждегі Тірі шығыс тілдері институтының мүше-корреспонденті болып сайланды. 1875 ж. ол Петербургтағы Халықаралық III ориенталисттер конгресін дайындау бойынша комитетте жұмыс істеді, ал 1876 ж. наурызда РОА-ның толық мүшесі болды.

### **Кун және ортаазиялық тарихи құжаттар жинағы**

Түркістанда қызмет ету жылдары А.Л. Кун үлкен көлемді материалдар жинай алды, оның ішінде қолжазба кітаптар, тарихи құжаттар мен Орталық Азия бойынша түрлі сапар жазбалары қамтылған. Осы материалдардың үлкен көлемі қазіргі кезде Санкт-Петербургте Шығыс қолжазбалары институтының жанындағы оның жеке қорында сақталуда. Бұл Орталық Азияның этнографиясы мен тарихын зерттеу үшін құнды дереккөз. Қор 300-ден астам мұрағат істерінен тұрады. Кезінде Б.В. Андрианов сол жерде сақталып тұрған Хива хандығының тарихы бойынша материалдарды зерттеген [3]. Осы мақалада біз Ахмед Йасауи мазарының вақфтық шаруашылығына қатысты тарихи құжаттарға сараптама жасауға тырысамыз.

Бұл құжаттардың Кун мұрағатында болуы кездейсоқтық емес. 1870-жылдары оның негізгі қызметі Орталық Азияның мәдениеті мен тарихы бойынша түрлі жазбаша ескерткіштерді жинақтауға бағытталды. Мұны оның өзі де: «Шагрисебс қожалықтарындағы экспедицияны пайдалана отырып, мен, Заравшан округінің бастығы генерал-майор Абрамов мырзаның (1868-1877) рұқсатымен оның отрядына қосылдым. Менің бұл экспедицияға қатысудағы міндетім жергілікті тілдердегі кітаптар, қолжазбалар мен құжаттарды мүмкіндігінше көп жинау болатын...», – деп атап өткен [4, б. 203].

1873 және 1876 жылдарындағы Хива және Қокан әскери жорықтарына қатыса отырып, Кун одан да көп құжаттар жинай алды. Нәтижесінде 1870 жылдан 1878 жылға дейін Түркістан генерал-губернаторы К.П. фон Кауфман Императорлық бұқаралық кітапханаға А.Л. Кунның еңбегінің арқасында Орта Азияны жаулау барысында иелік еткен көптеген қолжазбалар мен материалдарды жеткізді. Фон Кауфманның топтамасы деп аталатын қорда, қолжазбалық кітаптардан басқа, 4000-ға жуық тарихи құжаттар бар [5, б. 10].

Ахмед Йасауи Қазақстан тарихындағы танымал тұлғалардың бірі болды. Оның Түркістандағы мазары осы аймақ халықтарының әлеу-

меттік және рухани өмірінде терең із қалдырды. А.Л. Кун дәл осындай тұлғаларға қызықты. Ол мазарларға, медреселер мен мешіттерге қатысты, сондай-ақ хандар мен шенеуніктердің кеңселеріне қатысты көп тарихи құжаттар жинақтады. Зерттеуші мүмкіндігінше түпнұсқаларды жинауға тырысты, бірақ ол қолынан келмесе, жергілікті әкімшіліктің көмегімен көшірмесін жасады. Ахмед Йасауидің ұрпақтарынан мазар құжаттарының түпнұсқаларын алу мүмкін болмағандықтан, А.Л. Кун уезд бастығынан олардың сенімді көшірмесін алуға ықпал етуін сұрады. Мұның дәлелі – 1872 ж. 15 маусымдағы Түркістан уездінің бастығы А.Г. Реймерстің (1872-1882, 1885-1887) А.Л. Кунге жазған жауап хаты [6].

А.Л. Кунде екі түрлі мақсат болған деген болжам жасауға болады. Біріншісі – Петербургке жіберу үшін дайындалған құжаттар топтамасын байыту. Екіншісі – Түркістандағы вақф мәселесін зерттеуге деген айқын жеке қызығушылық, бұл өз кезегінде әкімшілік тәжірибеде пайда болған мәселелерді жақсы түсінуге мүмкіндік берді. Осы ретте 1872 ж. 29 мамырда «Туркестанские ведомости» газетінде жарияланған «Вакуфы» мақаласын еске салған дұрыс [7]. Онда Түркістандық құжаттар аталмайды, дегенмен де соңғы көшірмелер ол жақтан 20 мамырда алынған. Оның жеке мұрағатында Ахмед Йасауи мазарының тарихына қатысты бірде-бір мақалалар жобасы немесе жұмыс материалдары жоқ. 1874 ж. Түркістанның оқу ісі бойынша ерекше тапсырмалар бойынша аға шенеунік қызметіне тағайындалғаннан кейін А.Л. Кун өзінің осы қызметіне көп көңіл бөліп, шынайы ғылыми жұмыстан алыстап кеткен болуы да мүмкін.

А.Л. Кун өзінің Түркістандағы қызметі аяқталғаннан кейін, 1882 ж. құжаттар көшірмесін өзімен бірге алып кетті. А.Л. Кун қайтыс болғаннан кейін олар басқа да іс құжаттарымен бірге шығыстанушының жеке мұрағатына кірді және ұмытылды. Құжаттардың бұл көшірмелері де және олардың түпнұсқалары да XIX ғ. ортасы – XX ғ. вақфтық қатынастарды зерттеу бойынша өткізілген кең ауқымды зерттеулерден тыс қалды. Тіпті 1974 ж. Түркістанда және Атабай (Қарнак) ауылында құжаттардың жаңа топтамасы табылған кезде де, ешкім Кунның мұрағатындағы құжаттарды есіне алмады.

### **Ахмед Йасауи мазарының тарихи құжаттарын зерттеу**

Мазар құжаттарын ғылыми айналымға енгізу, 1897 ж. 29 тамызда Түркістан әуесқой археолог-

тар үйірмесінің отырысында Н.П. Остроумовтың мазарға Тимурдың берген сый грамотасы туралы баяндамасынан басталды [8, б. 1-3]. Бір жылдан кейін құжаттың тексті жарияланды [9, б. 75-80]. 1901 ж. құжат А.А. Диваев тарапынан тағы бір рет жарияланды [10], ал Н.П. Остроумов 1910 ж. екінші рет осы грамотаға жүгінді [11]. 1912 ж. А.И. Добросмыслов грамотаның орысша аудармасын жариялады [12, б. 141-147]. А.А. Диваевтың орыс және қазақ тілдеріндегі мақаласы 2006 ж. Түркістанда қайта жарияланды [13].

Сый грамотасында Садр шайхтың (Ахмед Йасауидың кіші інісі) ұрпағы Мир-‘Али шайхқа Қожа Тұмасы бұлағынан бастау алатын Янгич арығы мен онымен суарылатын жерлер, сонымен бірге Қожа Тұмасынан алыс емес жердегі бақты әулиенің мазары пайдасына вақф ретінде беру туралы айтылады. Сый грамотасының түпнұсқа емес екеніне қатысты әртүрлі күдікті пікірлер айтылды [14, б. 308-309; 15, б. 508-509]. Алайда құжаттың фальсификация дәрежесіне қарамастан, ол бірнеше ғасыр бойы оның иегеріне аталған меншікке иелік ету құқығымен қамтамасыз етті және билік ауысқан жағдайда жаңа құжаттар алуға негіз болды.

Ахмед Йасауи мазарының құжаттарымен байланысты маңызды оқиғалардың бірі, 1974-1975 жылдары Түркістан қаласы мен Атабай (Қарнак) ауылында жаңа құжаттардың табылуы болды [16, б. 70-73]. Бұл табылу туралы алғашқы жарияланымға сәйкес, ол XVIII ғасырдың соңы – XX ғасырдың басына қатысты 1000-нан астам құжаттар жинағынан тұрды. Кейіннен ирантанушы В.К. Шуховцов осы жинақтан XIX ғасырға қатысты 12 құжаттың суреттері мен орыс тіліндегі аудармасын жариялады [17]. Бізге белгілі болғанындай, қазіргі кезде, Алматы қаласында тұратын В.К. Шуховцовтың қолында құжаттар сақталған [Алматы топтамасы]. Өкінішке қарай, бізге бұл құжаттармен танысу мүмкіндігі кәзірше туған жоқ.

#### **А.Л. Кун мұрағатындағы Ахмед Йасауи мазары құжаттарының бастапқы сараптамасы**

А.Л. Кун мұрағатындағы Ахмед Йасауи мазарының құжаттар топтамасы [Кун топтамасы] әлі күнге дейін ғылыми айналымға енгізілмеген, ал оның құрамы тіпті мамандарға да беймәлім [18]. Сондықтан біз осы мәліметтердің бастапқы сараптамасын ұсынамыз.

Ахмед Йасауи мазарына қатысты А.Л. Кун мұрағатындағы құжаттар, 175-іс бумасында (96

бет), тек біреуі ғана 174-іс бумасында сақталды (1 бет). Жоғарыда аталып өткен Түркістан уезді басшысының А.Л. Кунге жазған хағы, сонымен бірге құжаттардың мазмұнының сараптамасы олардың Ахмед Йасауидің қызы Гаухар Хуш-тадждан тараған немересі, Шейх Ахмед Қарашықының ұрпақтары болып саналатын Рахматуллах-қожа *нақиб* Алиакбар-қожа *нақи* бұлына, Шариф-қожа *‘азизлар* Бехбуд-қожа *‘азизлар* ұлына, сондай-ақ *шайх ал-ислам* Насруллах-қожа *шайх ал-ислам* Исхақ-қожа ұлына тиесілі түпнұсқалардан көшірілгенін көрсетеді. Насруллах-қожадан 21 сый грамотасының, 2 *ривайат*, 1 талап арыздан бас тарту актісі (*хатт-и иқрар*), 1 вақф грамотасы және 1 шежіренің көшірмесі жасалғанының мөрі дәлелдейді [18, Дело 175, парақ 94 об.]. Екі жерде Рахматуллах-қожадан 18 сый грамоталарының, 2 вақф грамоталарының, 1 *хатт-и иқрар және* 1 шежіренің көшірмесі жасалғаны туралы жазбалар бар [18, Дело 175, парақтар 22, 37]. Сонымен қатар, Шариф-қожадан сый және вақф грамоталарының, сондай-ақ шежірелердің көшірмелері жасалғаны айтылады, бірақ олардың саны көрсетілмеген [18, Д. 175, п. 64].

Біздің есеп бойынша, жинақта парсы және шағатай тілдеріндегі 77 құжаттар сақталған, ол Алматы топтамасынан әлдеқайда аз. Мұның себебі, мазарға қатысты барлық құжаттардың көшірмесі емес, тек маңызды деп есептелгендерінің көшірмесі жасалған.

Көшірмелерде мөр иелерінің аттары жазылған, олардың сенімділігі куәландырылған және олардың түпнұсқалармен тексерілгені көрсетілген. Көшірмелер *а‘лам* Құл-Ахмед-қожа Хал-Мұхаммед-шейх *‘азизлар* ұлының және Түркістан қаласының ақсақалы Шер Мұхаммед мыңбасы Мулла Бай-Мұхаммед ұлының мөрлерімен расталған. Көшірме жасау жұмыстары 1872 ж. 20 мамырында аяқталып, құжаттар дәптерлерге тігілген және мөрленген.

#### **Сый грамоталары**

Алматы топтамасы 30 сый грамоталары мен билеушілер және наместниктердің үкімдерінен тұрады [16, б. 70]. Осындай типтегі құжаттардың Кунның топтамасында (соңына дейін көшіріліп үлгермеген құжатты есепке ала отырып) 60 экземпляр (заттаңбалар мен ‘инаятнамалар) бар. Ең алдыңғысы болып шибанид Абу Са‘ид ханның (1531-1534) сый грамотасы табылады, оның датасы 931 х.ж. *джумада II* 1530 ж. желтоқсан – 1531 ж. қаңтар айы [18, Д. 175, п. 93-94]. Ең кейінгі құжаттар қоқан ханы Сұлтан Са‘ид-хан

(1863-1865) және оның регенті ‘Алимкули амирлашкар (1865 ж. қайтыс болған) тарапынан 1280 х.ж. *раби’I/1863* ж. тамыз-қыркүйек айында берілген [18, Д. 175, п. 56 об., 77 об.].

Шибанидтер (1501-1601), Аштарханидтер (1601-1747), Маңғыттар (1747-1920) және Мындар (1711-1876) әулеттерінің билеушілері, олардың өкілдері, сондай-ақ қазақ хандары мен сұлтандары берген сый грамоталары. Бұл құжаттарда Ортақ және Сүйрі арықтары вақф болып табылатыны туралы, сонымен қатар Түркістан қаласында *шейх ал-исламның, нақибтың, мирасадтың* және *мутаваллидің* тағайындалуы туралы айтылады. Өз заманында сый грамоталары Шейх Ахмед Қарашықы ұрпақтарының Ахмед Йасауи мазарын бақылау мен *вақф* меншігін басқаруды талап ету үшін дәлел қызметін атқарды. Онда Шейх Ахмед Қарашықы ұрпақтарының шежіресінен көптеген аттар аталады.

### Шежіре (насаб-наме)

Бізде Алматы топтамасында шежіре туралы мәліметтер жоқ. Ал А.Л. Кунның топтамасында Ахмед Йасауи ұрпақтарының шежіресі (XIX ғ. редакцияланған) шағатай және парсы тілдеріндегі бес көшірмесі бар. Үш шежіре мазмұны бойынша бір-біріне жақын [18, Д. 175, п. 11-18, 51-52, 71-74]. Оқиғалар ИсхақБаб дәуірінен басталады және *шейх ал-ислам, нақиб* және *‘азизлар* шежіресімен аяқталады, XIX ғасырда мазардың бақылауы солардың қолында болды. Төртінші шежіреде, ол Рахматуллах-қожаға *нақиб* тарапынан көшіріп жазу үшін берілген, онда ‘Абд ал-‘Азиз ибн Катта-қожа парсы тілінде өлең түрінде жазылған «Насабнаме-йи манзума» атты шығарма келтірілген. Бұл шығарманың сыни тексті шығарылған [19, б. 235-252]. Шағатай тіліндегі бір шежіренің соңы жоқ.

*Шейх ал-ислам, нақиб* және *‘азизлар* отбасыларының [олар туралы қараңыз: 20, б. 364-366; 15, б. 514-515; 21, б. 35] алғашқы үш шежіресінде, егер кей оқиғалар суреттемесін ескермесек, өзара айтарлықтай үлкен айырмашылық немесе ешқандай қайшылықтар жоқ. Бұл үш шежірелер, осыған ұқсастармен салыстырғанда, олар әкесі тарапынан Ахмед Йасауидің кіші інісі Садр-шейхпен байланыстырылмағанымен ерекшеленеді. Шежірелерде *‘азизлар, шейх ал-ислам* және *нақиб* отбасылары Ахмед Йасауидің ұрпақтары болып табылатыны көрсетілген. Шейх Ахмед Қарашықының қасиеттері ерекше аталып өткен – оның шығу тегі де, рухани байлығы да. Мысалы, Ахмед Йасауи немересі үшін Ахмед де-

ген атты өзі таңдаған, оны қызы Гаухар Хуштадж мен Сүлеймен уәлиден туған. Ахмед Қарашықы туылған кезде Йасауи оның аузына үш рет түкірген және сәби кезінен оның тәрбиесімен айналысқан. Осылайша, шежірелерде оның иегерлері өз легитимациясын Ахмед Йасауидің ұрпағы ретінде негіздегісі және өз шығу тегін қоғамға жаңа тәсілдермен көрсеткісі келді. Олардың әрекеттері сәтті аяқталды, және XIX ғ. басынан бастап Садр-шейхтың ұрпақтары Ахмед Йасауи мазарындағы билігінен толықтай айырылды.

### Заңды тұжырымдар (*риуаяттар*)

Кейбір жазбаларда көшірмелерге қатысты, Насруллах-қожада екі *риуаят* бар болды деп айтылады. Топтамада үш *риуайабар* [18, Д. 175, п. 53-54, 65-66, 69-70]. Онда мазар вақфын басқарушылар мен Ортақ және Сүйрі арықтарындағы вақфтық жерлерді пайдаланушы шаруалар арасында пайда болған келіспеушіліктер көрініс тапқан. Мысалы, олардың бірінде Ортақ арығындағы вақфтық жерлерді пайдаланушы және сол үшін өнімнің 1/5 көлемінде *танабана* төлейтін шаруалардың оның орнына өнімнің 1/10 көлемінде *‘ушр* төлеуді талап еткен арыздары туралы айтылады. Алайда *риуаятта*, Түркістан жерлеріне харадж салығы төленетіндіктен шаруалардың арыздары негізсіз екендігін атап өтеді. *Риуаяттарға* қосымша қойылған мөрлердегі аттар олардың Қокан хандығы дәуірі мен патшалық кезеңге жататынын айқындайды.

### Вақфтық грамоталар

Топтамада парсы тіліндегі үш вақфтық грамоталар сақталуда. Олардың бірі – Түркістаннан 9 шақырым қашықтықта орналасқан Қарашықтағы Асадуллах-шейх ибн ‘Алим-шейхтың *ханақасының* вақф-намесі. Басқа екі вақфтық грамоталар Ташкенттің билеушілері ‘Азиз Парванашы (*ережел* 1263/1847 ж. маусым-шілде), сонымен бірге *құсбегі* Нар-Мұхаммед (1269 *зул-хидджа/1853* ж. қыркүйек-қазан) тарапынан берілген. Осы грамоталардың ішінде 822 х.ж. *раби’II/1419* ж. сәуір-мамыр айымен белгіленген Асадуллах-шейхтың вақф-намесі ерекше маңызға ие [18, Д. 175, п. 38-39 об.]. Вақф-наменің көшірмесінде датаның астында Шахрух сұлтанның, *ақза ал-қузат* Хусам ад-диннің және Тұрсын Ахмед ибн Сүйінішқожа-ханның есімдері көрсетілген(?). Көрсетілген дата Шахрух сұлтан дегенде Тимурид Шахрух (1409–1447) екенін болжауға мүмкіндік береді. Вақфтық грамотаға

сәйкес, *ханаки* ғимаратын Исхақ Баб салдырған, онда сондай-ақ оның қасында ескі медресе, рабат және кесене бар екендігі айтылады.

Асадуллах-шейхтың қолында Әмір Темірдің ұлы сияқты, беделді билеушіден вақфтық грамота болуын, ең дұрысы, Садр-шейхтың ұрпақтарына берілген сый грамотасына жауап деп қабылдауға болады. Вақф-намеде көрсетілген Асадуллах-шейх үш шежіренің иелері –*нақиб* Рахматуллах-қожаның он бірінші, *шейх ал-ислам* Насруллах-қожаның жиырма екінші және *‘азизлар* Шариф-қожаның жиырмасыншы буындағы атасы болып табылады.

Вақфтық грамота мазарды басқаруға деген талаптарда маңызды рөл ойнады. Вақф-наменің маңызды нүктелерінің бірі болып, онда көрсетілген Исхақ Баб салған *ханақа* табылады. Агиографиялық шығармаларда Сайрамдағы Исхақ Баб қажылықтан келгеннен кейін Қағбаға ұқсатып салған Чубин мешіті туралы айтылады [22, п. 2726–273а; 23, п. 1346]. Бұл сюжет кейіннен Исхақ Бабтың ұрпақтары шежірелеріне өтті [19, б. 73, 79, 112, 133, 200, 227; 21, б. 107]. Вақфтық грамотада бұл сюжет басқаша түсіндірілген: Исхақ Баб салған Қарашықтағы қасиетті *ханақа* және Шейх Ахмед Қарашықының ұрпақтары ие болған оның шейхы қызметі шығу тегінің тектілігіне тағы бір дәлел болып табылады.

### Әртүрлі құжаттар

Топтамада түрлі мазмұндағы тағы бес құжат бар, олар отарлық дәуірге жатады. Бұл 19 шаруаның *шейх ал-ислам* Насруллах-қожаның, *нақиб* ‘Али Акбар-қожаның және *‘азизлар* Шариф-қожаның [бұл үш жанұя туралы қараңыз: 24] Ортақ және Сүйрі арықтарындағы вақфтық жерлерге қамқоршы ретінде тағайындалуын мойындаған құжаттар (1271 х.ж. *сапар*/1854 ж. қараша-желтоқсан айы); генерал Черняевтың (1865–1866; 1882–1884) мазарды тексерген кезінде Ахмед Йасауи ұрпақтарының генеалогиясын бекіту туралы анықтама (1864 ж.); Ортақ арығындағы вақфтық жерлерді пайдалану туралы мазардың әкімшілігі мен шаруалар арасындағы талас шешімі (1284 *раби* ‘ II/1867 ж. тамыз айы); Түркістан уезді басшысының *нақиб* Рахматуллах-қожаны *мутавалли* қызметіне тағайындау туралы бұйрығы (1868 ж.); Бахадир-шейхтың ұлы Ибрахим-шейхтың Қоқанға жасаған қызметтік сапары туралы анықтама [18, Д. 175, п. 67-68, 31, 40, 21, 13 об.].

174-іс бумасында тек бір құжат бар, онда Ахмед Йасауи мазары вақфының кірістері туралы

қысқаша анықтама берілген. Құжат уезд бастығының сұранысынан кейін дайындалған, сондықтан ол «*бек дәрежесіне ‘лам қыламын*» яғни «билеуші дәрежесіне ие шенеунікке хабарлаймын» деп басталады. Құжатта Ортақ және Сүйрі арықтары бұдан былай мазардың вақфтық меншігіне кірмейтіні және мемлекеттік қазына пайдасына салық салынатыны анықталған. Құжатта Түркістан және Ташкент қалаларындағы вақфтық керуен-сарайлардың кірістері туралы ақпараттар келтірілген [18, Д. 174, п. 1].

Мұнда келесі сұрақ туындайды: құжаттардың түпнұсқалары қайда? Көрсетілген сый грамоталары расында болды ма? Мысалы, *шейх ал-ислам* Насруллах-қожа отбасының мүшесі, отарлаушы әкімшілерге түрлі орталық азиялық билеушілерінің өзінің ата-бабаларын *шейх ал-ислам* қызметіне тағайындағаны туралы 18 сый грамоталарын көрсеткен. Оның 14-ін біз Кунның топтамасынан кездестіреміз. Ал кейбіреулері Ахмед Йасауи ұрпақтарының басқа арыздарында айтылады [25]. Жоғарыда көрсетілген үш отбасының (*‘азизлар*, *шейх ал-ислам және нақиб*) өкілдері түпнұсқаларын қолдарында сақтап қалған болуы мүмкін. Бүгінгі күнге дейін олар Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының (ӨР ОММ) сәйкес қорларында анықталмаған. Тек *‘Азиз-Парванашының* вақф-намесінің түпнұсқасы ӨР ОММ қорында сақталған. Ол көшірмесімен текст бойынша да, сфрагистикалық детальдары бойынша да ұқсас [26].

В.К. Шуховцов пен А.Л. Кунның топтамаларында сақталып келе жатқан құжаттар бір-бірін толықтырады, олардың арасында өзара байланыс пен логикалық бірізділік бар деген болжамымыз бар. Мысалы, В.К. Шуховцовтың мақаласындағы нөмірі Т-262п (1 сурет) құжаттың текстін алайық [17, б. 165-166]. Бұл белгісіз билеушінің 1258 рамазан/1842 ж. қазан-қараша айында жасалған *‘азизлар* Шариф-қожаны қызметіне тағайындау туралы өкім, дәл осы құжат А.Л. Кунның топтамасында да бар [18, Д. 175, п. 62 об.]. Сондықтан, А.Л. Кунның топтамасындағы көптеген көшірмелерінің түпнұсқалары Алматы топтамасында сақталуы әбден мүмкін.

Қорытындының орнына, мазарлар туралы мәліметтер нарративті дереккөздерде жиі кездесетінін айтуға болады, алайда бұл ақпараттар зерттеліп жатқан тақырып бойынша тарихи процесстің тұтастығын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік бере бермейді. Дегенмен де тарихи құжаттар да макротарихта мінсіз әлеуметтік-экономикалық картина қалыптастыра алмайды.

Бірақ, бір мазарға қатысты материалдарды кешенді зерттеу, микротарихта және просопографиялық аспектіде лайықты нәтижелер береді. А.Л. Кунның топтамасындағы құжаттар *нақиб, шейх ал-ислам және азизлар* қызметінің иелеріне тиісті болды, олар ХІХ ғ. Ахмед Йасауи мазарын және Түркістан қаласының рухани өмірін өз бақылауларына алды. Ахмед Йасауи мазары құжаттарының негізінде тек мазардың тарихын ғана емес, сонымен қатар Сырдария алқабында-

ғы ХVІ ғ. – ХХ ғ. басындағы қалалардағы жер-су қатынастарын да айшықтауға болады. Ең маңыздысы, құжаттар әлеуметтік топтар мен Ахмед Йасауи ұрпақтарының түрлі буындары арасында болған қақтығыстарды зерттеуде айтарлықтай дереккөз қызметін атқарады.

Екі топтамадағы құжаттарды салыстырмалы зерттеу Орталық Азия тарихында діннің орнын және ролін зерттеуде айқындық енгізеді.

### Әдебиеттер

- 1 Воднева О.А. Кун А.Л. как историограф и этнограф (по материалам Архива востоковедов Института восточных рукописей РАН) // Источниковедение и историография стран Азии и Африки. Материалы XXVI Международной конференции. – СПб., – 2011.
- 2 Каримова А. Деятельность ориенталиста А.Л. Куна в Туркестане в 1868–1881 гг. // Сборник студенческих работ Среднеазиатского государственного университета. – Вып. XV. – История. Ташкент, 1956. – С. 23–30.
- 3 Андрианов Б.В. Архив А.Л. Куна // Советская этнография, 1951. – № 4. – С. 149-155.
- 4 Кун А.Л. Очерки Шагрисебзкогобекства // Записки Императорского русского географического общества. По отделению этнографии. – Том 6. – СПб., 1880.
- 5 Ястребова О.М. Персидские и таджикские документы в Отделе рукописей Российской Национальной библиотеки. Систематический каталог. – СПб., 1999.
- 6 Архив востоковедов. Институт восточных рукописей РАН (АВ ИВР РАН). Ф. 33. Оп. 1. Д. 175. Л. 1.
- 7 Кун А.Л. Вакуфы // Туркестанские ведомости, 1872. – № 21.
- 8 Туркестанский кружок любителей археологии. 2-й год (11 декабря 1896 г. – 11 декабря 1897 г.). – Ташкент, 1897. – С. 1-3.
- 9 Туркестанский кружок любителей археологии. 3-й год (11 декабря 1897 г. – 11 декабря 1898 г.). – Ташкент, 1897–1898. – С. 75-80.
- 10 Диваев А.А. Жалованная грамота, данная Тимуром Туркестанской мечети Азрета Ясави / пер. с перс. А.А. Диваев // Туркестанские ведомости. – 1901. – № 39, 41.
- 11 Остроумов Н.П. Разъяснения и дополнения к «Жалованной грамоте» Тимура // Туркестанские ведомости. – 1910. – № 274.
- 12 Добросмыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-ата и Чимкент. – Ташкент, 1912. – С. 141-147.
- 13 Ахмет Ясауидің Туркістандағы құтханамешітіне вакуф. – Түркістан, 2006. – 16 с.
- 14 Чехович О.Д. Собрание восточных актов Академии наук Узбекистана // Исторические записки. – Ташкент, 1948. – Т. 26. – С. 308-309.
- 15 DeWeese, Devin. The Politics of Sacred Lineages in 19th-Century Central Asia: Descent Groups Linked to Khwaja Ahmad Yasavi in Shrine Documents and Genealogical Charters // International Journal of Middle East Studies. 1999. – Vol. 31. – № 4.
- 16 Кумеков Б.Е., Настич В.Н., Шуховцов В.К. Письменные документы из Южного Казахстана (предварительное сообщение) // Вестник АН Казахской ССР. 1977. – № 8. – С. 70–73.
- 17 Шуховцов В.К. Письменные документы из города Туркестана // Казахстан в эпоху феодализма (Проблемы этнополитической истории). – Алма-Ата, 1981. – С. 164-191.
- 18 АВ ИВР РАН. Ф. 33. Оп. 1. Д. 174 «Документ об аренде караван-сарая в Ташкенте». Сонда. Д. 175 «Копия с документов на право пользования землей, которая во времена Кокандского владычества была изъята от уплаты хараджа и танапа».
- 19 Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии: Наследие Исхак Баба в нарративной и генеалогической традициях. Т. 2. Генеалогические грамоты и сакральные семейства ХІХ–ХХІ веков: насаб-нама и группы ходжей, связанных с сакральным сказанием об Исхак Бабе / отв. ред.: А. Муминов, Анке фон Кюгельген, Д.ДиУис, М. Кемпер. – Алматы – Берн – Ташкент – Блумингтон, 2008.
- 20 Гордлевский В.А. Ходжа Ахмед Ясеви // Избранные сочинения. Том 3. М., 1962.
- 21 Муминов А.К. Родословное древо Мухтара Ауэзова. Под ред. С.Н. Абашина. – Алматы, 2011. – 221 с.
- 22 Ходжа ‘Абд ар-Рахим Хисари. Тухфат ал-ансаб-и‘алави. Ташкент мемлекеттік Шығыстану институты (ТМШИ) қолжазбасы, № 1459.
- 23 Ходжа Исхак. Хадикат ал-‘арифин. Ташкент мемлекеттік Шығыстану институты (ТМШИ) қолжазбасы, № 11838.
- 24 Султонов У.А. Ахмад Ясавий мазори вақф хўжалиги бошқарувиға доир (А.Л.Кун шахсий архивідаги хужжатлар таҳлили) // History of Central Asia in Modern Medieval Studies. In Memoriam of Professor Roziya Mukminova. – Tashkent: Yangi-Nashr, 2013. – P.312-328.

25 Өзбекстан Орталық мемлекеттік архивы (ЦГА), фонд И-1, опись 14, дело 503, лист 49, оборотная сторона. «Сведения о вакуфных учреждениях в Туркестанском крае, 1881–1888 гг.».

26 Өзбекстан Орталық мемлекеттік архивы, фонд И-17, Оп. 1, Д. 32689 «Вакуф мечети и мазара хазрята Султана Гарифин Ходжа Ахмета Есови, находящихся в г. Туркестане. 1887–1889».

### References

- 1 Vodneva O.A. Kun as Historiographer and Ethnographer (according to the materials of the Arkhives of Orientalists, Institute of Oriental Manuscripts RAN), in: *Istochnikovedenie I istoriografii stran Aziii i Afriki: Materials of the XXVI International Conference*. Sankt-Peterburg, 2011.
- 2 Karimova A. Activity of the Orientalist A.L. Kun in Turkestan in 1868–1881, in: *Sbornik studencheskikh rabot Sredneaziatskogo gosudarstvennogo universiteta*. Volume XV: History. Tashkent, 1956, p. 23–30.
- 3 Andrianov B.V. Archives of A.L. Kun, in: *Sovetskaia etnographiia*. 1951. № 4. P. 149–155.
- 4 Kuhn A.L. Ocherki Shagrisbezskogo bekstva, in: *Zapiski Imperatorskogo Russkogo Geograficheskogo Obshchestva. Po otdeleniiu ètnografii*. – Vol. 6. – Sankt-Peterburg, 1880.
- 5 Iastrebova O.M. Persidskie I tadjikskie dokumenty v Otdel rukopisei Rossiiskoi Natsional'noi biblioteki. *Sistematičeskii katalog*. – Sankt-Peterburg, 1999.
- 6 Arkhiv vostočnykh rukopisei RAN (AV IVR RAN). Fond 33. Opis' 1. Delo 175. List 1.
- 7 Kuhn A.L. Vakufy, in: *Turkestanskije vedomosti*. 1872. – № 21.
- 8 *Turkestanskii kruzhozob liubitelei arkhèologii. Vtoroi god (11 dekabria 1896 g. – 11 dekabria 1897 g.)*. – Tashkent, 1897. – P. 1-3.
- 9 *Turkestanskii kruzhozob liubitelei arkhèologii. Tretii god (11 dekabria 1897 g. – 11 dekabria 1898 g.)*. – Tashkent, 1897–1898. – P. 75-80.
- 10 Divaev A.A. Zhalovannaia gramota, dannaiia Timurom Turkestanskoi mecheti Azreta Iasavi. *Perevod s persidskogo: A.A. Divaev*, in: *Turkestanskije vedomosti*. 1901. – № 39, 41.
- 11 Ostroumov N.P. Raz'iasneniia I dopolneniia k «Zhalovannoigramote» Timura, in: *Turkestanskije vedomosti*. 1910. – № 274.
- 12 Dobrosmyslov A.I. *Goroda Syr-Dar'inskoi oblasti. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-atai Chimkent*. – Tashkent, 1912. – P. 141-147.
- 13 Akhmet Iasauiding Turkistandaghy qutkhana meshitine Vakuf. – Turkistan, 2006. – 16 p.
- 14 Chekhovich O.D. *Sobranie vostočnykh aktov Akademii nauk Uzbekistana*, in: *Istoricheskie zapisi*. – Tashkent, 1948. – Vol. 26. – P. 308–309.
- 15 DeWeese, Devin. The Politics of Sacred Lineages in 19th-Century Central Asia: Descent Groups Linked to Khwaja Ahmad Yasavi in Shrine Documents and Genealogical Charters, in: *International Journal of Middle East Studies*. 1999. – Vol. 31. – № 4.
- 16 Kumekeov B.E., Nastich B.N., Shukhovtsov V.K. Pis'mennye dokumenty iz Iuzhnogo Kazakhstana (predvaritel'noe soobshchenie), in: *Vestnik Akademii nauk Kazakhskoi SSR*. – 1977. – № 8. – P. 70-73.
- 17 Shukhovtsov V.K. Pis'mennye dokumenty iz goroda Turkestana, in: *Kazakhstan v èpokhu fèodalizma (Problemy ètnopoliticheskoi istorii)*. – Alma-Ata, 1981. – P. 164-191.
- 18 Arkhiv vostočnykh rukopisei RAN (AV IVR RAN). Fond 33. Opis' 1. Delo 174: «Dokumentobar-endekaravan-saraia v Tashkente». Ibid. Delo 175 «Kopiiia s dokumentov na pravo pol'zovaniia zemlei, kotoraiia vo vremena Kokandskogo vladychestva byla iz'jata otuplaty kharaja i tanapa».
- 19 Islamization and Sacred Lineages in Central Asia: The Legacy of Ishaq Bab in Narrative and Genealogical Traditions. Volume 2. *Genealogical Charters and Sacred Families: Nasab-Namas and Khoja Groups Linked to the Ishaq Bab Narrative, 19th-21st Centuries*. Edited by Ashirbek Muminov, Anke von Kuegelgen, Devin DeWeese, Michael Kemper. Almaty – Bern – Tashkent – Bloomington, 2008.
- 20 Gordlevskii V.A. Khodja Akhmed Iasevi, in: *Gordlevskii V.A. Izbrannye socineniia*. – Vol. 3. – Moscow, 1962.
- 21 Muminov A.K. Rodoslovnoe drevo Mukhtara Auèzova. Editor S.N. Abashin. – Almaty, 2011.
- 22 Khwaja Abd al-Rahim Hisari. Tuhfat al-ansab-i'alawi. Manuscript N 1459 from the Holdings of the Tashkent National Institute of Oriental Studies.
- 23 Khwaja Ishaq al-Turkistani. Hadiqat al-'arifin. Manuscript N 11838 from the Holdings of the Tashkent National Institute of Oriental Studies.
- 24 Sultonov U.A. On the Management of Khwaja Ahmad Yasawimazar's waqf endowment (Analyzing the documents from the Private Archive of Alexander L. Kuhn) // *History of Central Asia in Modern Medieval Studies. In Memoriam of Professor Roziya Mukminova*. – Tashkent: Yangi Nashr, 2013. – P. 312-328.
- 25 Central National Archives of the Republic of Uzbekistan, Fond I-1, Opis' 14, Delo 503, List 49 v. «Svedeniia o vakufnykh uchrezhdeniiakh v Turkestanskom krae, 1881-1888».
- 26 Central National Archives of the Republic of Uzbekistan, Fond I-17, Opis' 1, Delo 32689 «Vakuf mecheti i mazar khazriata Sultana Garifin Akhmeta Esovi, nakhodiashchikhsia v g. Turkestane. 1887–1889».